КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 мамыр №2301-24-00-2/836 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Баданов» Әділет Қанатұлы Аманов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Г.Алматова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшымен 2024 жылғы 10 қаңтарда «Электр, электр таратушы/реттеуші жабдықтауды және ұқсас аппаратураны техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметі» бойынша №11260054-1 мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған.

2024 жылғы 13 ақпандағы алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес жеке кәсіпкер «Баданов» Әділет Қанатұлы Амановмен конкурстық өтінімде еңбек ресурстар бөлігінде электрик IV санатына ұсынылған Т.Керуенбаев, М.Беркінбаев, Ы.Әсетовтың жеке куәліктерінің мерзімі өтуіне байланысты алдын ала рұқсат беру хаттамасында комиссия мүшелерінің шешімімен конкурсқа жіберілмеген. Алайда, өтінімді қайта толықтыруды қарау барысында әлеуетті өнім берішінің жалған ақпарат ұсыну фактісін анықтаған.

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келесіде – талап қоюшы) сотта жеке кәсіпкер «Баданов» Әділет Қанатұлы Амановқа (келесіде – жауапкер) талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің конкурстарға жіберген құжаттарында өзінің еңбек ресурстар талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Г.Алматова талап қоюды қолдап, жауапкермен ұсынылған ақпаратта қызметкерлердің жалған құжаттарын табыс еткенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

АПК-тің 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Талап қоюшымен сотқа ұсынылған дәлелдемелер жиынтығы жауапкердің конкурсқа қатысқан кезде біліктілік талаптары және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденеді.

Себебі, жауапкер электрик IV санатына ұсынылған Т.Керуенбаев, М.Беркінбаев, Ы.Әсетовтың жеке куәліктерін табыс еткен. Алайда, 2024 жылғы 22 ақпандағы Атырау облысының Полиция департаментінің хатына сай, Т.Керуенбаев, М.Беркінбаев, Ы.Әсетовтың табыс етілген жеке куәліктері берілмеген.

Осы мән-жайлар сотқа талап қоюшымен табыс етілген құжаттармен толығымен қуатталып отыр.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 25.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Саудабаев А. Б., 28.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабының талаптарына сай, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-тің 196, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Баданов» Әділет Қанатұлы Амановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Баданов» Әділет Қанатұлы Аманов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Баданов» Әділет Қанатұлы Амановтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 24 мамырда шығарылды.

Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « » енді.

Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 25.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Саудабаев А. Б., 28.06.2024